



# М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университетін құттықтаймыз!

Елбасының жыл сайынғы халыққа Жолдауы – еліміз үшін маңызды оқиғалардың бірі. Жолдаудың ерекшелігі сонда, ол бізге жаңа әлем – Төртінші өндірістік төңкеріс әлеміне бейімделуіміз үшін қандай шараларды жүзеге асыруымыз қажеттігін айқындап берді. Өткен жылдың басында Елбасының бастамасымен Конституциялық реформа жүргізілді. Қазақстан экономиканы жаңа деңгейге көтеретін Үшінші жаңғыруға қадам басты. Мәні терең, кең ауқымды «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық құжатқа сәйкес жұмыстар жалғасып жатыр. Әсіресе, ұстаздарды «Педагог мәртебесі туралы» жаңа заң жобасы ұстаздардың көңілінен шықты. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір тұлға, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек.

Осы бастаманы жүзеге асыру мақсатында республикамыздағы іргелі оқу орындарының бірі

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті білім сапасын жоғарылатуда үлкен жұмыстар атқарып келеді.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті 2021 жылы Қазақстанның жоғары оқу орындары арасында алынғын мемлекеттік білім беру гранттарының саны бойынша үшінші орынға ие болды. Биылғы жылы 2387 мектеп түлектері біздің университетті таңдап, мемлекеттік білім грантына ие болды, QS әлемдік рейтингінің Top-500 құрамына кіретін еліміздің үздік университеттерінің біріне деген жоғары сенімнің куәсі. Осы мәреге тұрарлық нәтижелермен келгенімізге шын жүректен қуаныштымыз.

Елбасымыз пен президентімізге үлкен үмітпен, салиқалы сеніммен қарап алғысымызды айтамыз.

**А.Е.Отуншиева, А.А.Тоқтабек,  
М.Әуезов атындағы ОҚУ  
«Стандарттау және  
сертификаттау»  
кафедрасының  
магистр, оқытушылары**